

Бөбүтөмүн
«Балдзүрен» бөбөкжай - балабакшасын

менгерушісі Г. Жаппбекова

« 2 » « 12 » 2021 жыл

«Балдзүрен бөбөкжай - балабакшасы» МККК - нын Тәуелсіздікке - 30 жыл толуына байланысты «Тәуелсіз елдің - ұланы» атты мерекелік іс шараның жоспары

ҚС	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты адам
1	«Тәуелсіздік - нұр таңым» тақырыбында балаларға танымдық оқу қызметін ұйымдастыру	2.12.2021	«Қарлығаш» топ тәрбиешілері, тіл маманы
2	«Менің елім тәуелсіз - Қазақстан» стент жасау	3.12.2021	Әдіскер
3	«Мен еліммен мақтанам» ата - аналар мен балалар арасында көрме ұйымдастыру	6-8.12.2021	«Қарлығаш» және «Балапан» тобының ата - аналары, тәрбиешілер
4	«Жыл мезгілдері» ұжым арасында тренинг өткізу	9.12.2021	Психолог
5	«Еңсесі биік - Қазақстан!» тақырыбында балалар арасында өлең оқу сайысы	6.12.2021	Топ тәрбиешілері, тіл маманы
6	Ы. Алтынсаринның 180 жылдығына орай кітап көрмесін ұйымдастыру	8.12.2021	«Балапан» тобының тәрбиешілері
7	«Тәуелсіз елдің - ұланы» тақырыбында ертенгілік өткізу	9.12.2021	Топ тәрбиешілері, саз жетекшісі
8	Қорытындылау: ата - аналар мен балаларды марапаттау, Іс шараның материалдарын жинақтау	10.12.202	Менгеруші, әдіскер

Әдіскер:

Жылысбаева Р

Жылысбаева Р

Бекітемін

«Балдәурен» бөбекжай-балабақшасының

меңгерушісі Г. Жаниябекова

« 02 » 12 2021 жыл

«Қарлығаш» ортаңғы тобының
Тәуелсіздігім - Нұр таңым! тақырыбында
ұйымдастырылған танымдық оқу қызметі

Тәрбиешілер: Алыпбаева Ж

Ганиева Б

2021-2022 оқу жылы

Білім беру саласы: Қатынас, Шығармашылық

Білім бөлімі: Сөйлеуді дамыту, Сурет салу

Тақырыбы: Тәуелсіздік – нұр таңым!

Мақсаты: балаларға тәуелсіздік, елтаңба, ту туралы түсінік бер; патриоттық сезімін ояту; дәстүрден тыс әдіс-тәсіл бойынша сурет салуды үйрету.

Қажетті құрал-жабдықтар: гуашь, көк түсті қағаз, желім.

Қолданылатын көрнекі құралдар: губка, шанышқы, сүлгі, слайд, әнұран, суреттер т.б

Алдын-ала жүргізілген жұмыс: Отан, тәуелсіздік туралы тақпақтар жаттату.

Билингвалды компонент: Отан – родина, ту-флаг.

Сөздік жұмыс: тәуелсіздік

Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеттері
Мотивациялық-қозғаушылық	Көңілді әуен ойнатылады. Қуандық Рахым «Мен қазақпын» әні	Балалар көңілді әуенмен жалауша ұстап кіреді.
Ұйымдастырушы-ізденушілік	Балалар, бүгін біз «Тәуелсіздік – нұр таңым» тақырыбында оқу қызметін өтетін боламыз. Ең алдымен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындайық «Менің Қазақстаным!» әні орындалады. -Жарайсыңдар, балалар Слайд көрсету.	Әнұранды орындайды.

	Бәріміз көгілдір экраннан Отанымыз туралы бейне ролик тамашалайық. - Балалар жақында қандай мерекені тойлаймыз? - Ия, дұрыс айтасындар, 16 желтоқсан тәуелсіздік мерекесі бар. - Ол қандай мереке? - Тәуелсіздік деген сөзді қалай түсінесіңдер? Сөздік жұмыс: тәуелсіздік. - Дұрыс, бірақ балалар бізге тәуелсіздік оңай келген жоқ. Бізге осы тәуелсіздіктің арайлы таңын сыйлаймын деп қаншама ата-апаларымыз, аға-әпкелеріміз құрбан болды. Ендеше, экранға назар аударайық. 16 желтоқсан туралы бейне ролик көрсету. - балалар, осы біздерге бақыт таңын сыйлау, егеменді ел болу үшін құрбан болған батыр ата-апаларымызды орнымыздан тұрып, бір сәт еске алып, үнсіздік жариялайық. - Дұрыс айтасындар. - Балалар, біздің еліміздің тәуелсіздік алғанына биыл тура 30 жыл толып отыр. Бұл мереке Республика бойынша атап	Балалардың жауабы Қайталайды. Экранға назар аударады.
--	--	--

	өтілуде. Ал сендердің осы мерекеге қандай тартуларың бар? Балалардың такпактары. - Жарайсындар балалар! Суретпен жұмыс. - Балалар біздің еліміз қалай аталады? - Біздің тұңғыш елбасымыз кім? - Қазіргі президентіміз кім? - Туымыздың түсі қандай? - Онда ненің суреті бейнеленген? - Ал елтаңбамызда ненің суреті бейнеленген? - Ия, дұрыс айтасындар балалар. -Ендеше, біз бүгін көк аспанымызда жарқырап, нұрын төккен күнді бейнелейтін боламыз. Өнер орталығы. Балаларды 2 топқа бөліп отырғызу. 1- топ: көк қағазға губкамен сурет салады. 2- топ: шанышқымен сурет салады. Сергіту сәті. «Қара жорға» бейне ролик	Такпак айтады. Балалардың жауабы Мұқият тыңдайды. Тапсырманы орындайды. Әуенге сәйкес қимылдар жасайды.
--	--	--

Рефлексиялық - түзетушілік	Қорытындылау: - Жарайсыңдар балалар! Біз бүгін немен таныстық? Не туралы білдік? - Өте жақсы, бүгінгі танымдық оқу қызметіне өте жақсы қатыстыңдар. тақпақтарыңды жақсы айттыңдар. - Жарайсыңдар! Балаларды мадақтау, бағалау.	Балалардың жауабы. Қуанады.
--	--	---

Күтілетін нәтиже: Отан, тәуелсіздік туралы түсінеді; дәстүрден тыс әдіс-тәсіл бойынша сурет салады.

«Балдарен» бөбекжай – балалар бағдарламасын
менгерушісі 

« 09 » « 12 » 2021 жыл



«Жыл мезгілдері»

Қызметкерлерге арналған тренинг

Психолог: Ходжакулова Р

2021 - 2022 оқу жылы

Білім беру саласы: Таным.

Бөлімі: Әлеуметтік орта.

Тақырыбы: Жыл мезгілдері.

Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін жүйелеу, әр жыл мезгілі туралы ұғымдарын жетілдіру, әр мезгілдің ерекшеліктерін салыстырып айтып беруге жаттықтыру. Жыл мезгілдері туралы айта келіп, балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Қоршаған ортаны сүюге, оны аялай білуге тәрбиелеу.

Қажетті құрал жабдықтар: жыл мезгілдерінің суреттері, түрлі-түсті қаламдар, смайликтер.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбері Достарды біз қолдаймыз, Қиын шақта қорғаймыз. Біздің топта ұл қыздар, Тату тәтті ойнаймыз.	Балалар бірге айтады.
	-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?	Көктем мезгілі.
	-Көктем мезгілінде ауа райы қандай болады?	Күн жылы болады.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Балалардың қолдарына жыл мезгілдерінің суреттері беріледі. Суреттер бойынша олар төрт топқа бөлінеді: қыс, көктем, жаз, күз.	Балалар топқа бөлінеді.
	1-тапсырма. Тақтаға бір, екі, үш, төрт деген сандар ілінеді. Әр санда бір сұрақ жасырынған. Балалар сол сандарды таңдайды. Сұраққа дұрыс жауап берсе, сандардың артынан жыл мезгілдері ашылады. Бірінші санның сұрағы: көктем мезгілі туралы не	Балалар сандарды таңдайды. Сұрақтарға жауап береді.

	білесіндер? Екінші санның сұрағы: қыс мезгілі туралы не білесіндер? Үшінші санның сұрағы : жаз мезгілі туралы не білесіндер? Төртінші санның сұрағы: күз мезгілі туралы не білесіндер? 2-тапсырма. Балалар жыл мезгілі туралы тақпақ білесіндерме? Көктем келді көңілді, Секіремін қуанып. Кел достарым көктемді, Қарсы алайық жыр салып. Күз айы басталды, Құстар қайта бастады. Жапырақтар сарғайып, Жерге түсе бастады. Жапалақтап ақша қар, Жауады күнде қайталап. Қырға шықты балалар, Шаңғыларын арқалап. Жайкалып жапырақ, Құлпырып қызғалдақ, Тұратын көз тартып, Жаз келді күн шуақты. Сергіту сәті. Қорбандаған аюдың, Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп аламыз, Қалтамызға саламыз. 3-тапсырма. Тақтаға төрт мерекелік сурет ілінген. Суретке қарап жыл мезгіліне байланысты	Ия. Айша. Дінмухаммед. Айғаным. Әсетбек. Балалар қимылмен жасайды. Балалар жыл мезгіліне байланысты мерекелерді табады.
--	--	--

Рефлексиялық түзетушілік	мерекелерді табу. Ол мерекелер наурыз мерекесі, жаңа жыл, бірінші қыркүйек – білім күні, бірінші маусым – Балаларды қорғау күні. 4-тапсырма. Қыс, көктем, жаз, күз топтарын жыл мезгілдеріне байланысты боялатын суреттер беріледі. Әр топ өздеріне берілген суреттің қай мезгілге қатысты екенін тауып, бояп шығады. Балалар біз бүгін ашық ұйымдастырылған оқу қызметінде не үйрендік? -Бір жылда неше жыл мезгілі бар? -Бір жылда неше ай бар? -Көтем мезгілінде қандай өзгерістер болады? Балалардың жұмыстарын карап, дұрыс жасалғанын қадағалаймын. Жақсы жасаған жұмыстары үшін балаларды мақтап, мадақтаймын.	Балалар топ болып, суреттерді бояп шығады. Жыл мезгілдерін. Төрт жыл мезгілі Он екі ай. Күн жылына бастайды. Құстар жылы жақтан ұшып келе бастайды.
--	---	--

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Жыл мезгілдерін дұрыс ажыратуды.

Игереді: Суретке карап жыл мезгілдерін табуды.

Меңгереді: Түрлі-түсті қаламдарды пайдаланып, жыл мезгілдерін бояуды.

«Балдармен» бөбекжай – балалар бағдарламасының
менгерушісі *Асият* Жалилбекова

« 06 » « 12 » 2021 жыл



«Еңсесі биік - Қазақстан»



Тіл маманы: Сейткасімова А

2021 - 2022 оқу жылы

Еңсесі биік Қазақстан!

Туған жер – әрбіріміздің жүрегімізде үлкен орын алады. Туған жер өткенмен, болашақпен байланыстырады десекте болады. Сондықтан да, адам болашақтан бастап туған жерге деген, Отанға деген сезімі оянады. Біздің Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Бейбітшілік пен достықтан, татулықта бәріміз біргеміз. Бәріміз бірге жұмыла еңбектенудеміз. Соған орай-кешентай бүлдіршіндеріміздің отанға деген сүйіспеншіліктерін ояту мақсатында шағын ғана тапсырмаларын қабыл алыңыздар.

Айсұлтан:

Туған жерім - Қазақстан,
Тәуелсіздігі жарасқан,
Көк байрағы желбіреп,
Көк аспанға ұқсаған,

Біргашым:

Тұраі елдер достасқан,
Еңсесі биік Қазақстан!
Құтты болсын елдігін,
Тәуелсіз біздің Қазақстан.

Арман:

Отан-анан аяулы,
Отан-әкең-ақылшын,
Отан-асыл арманың,
Аялаған өз елін.

Дарина:

Қазақстан жері кең байтақ,
Бабамның берген еншісі,
Желбірей бер көк байрақ
Отанымның белгісі.

Ерасыл:

Елтаңбасы елімің,
Неткен айбат әлемі
Туығындай көңілдің,
Ортада аспан әлемі.

«Отансыз адам, армансыз бұлбұл» - деп қазақ атамыз бекер айтпаған. Себебі, адам баласы ешқашан Отансыз, Туған жеріңсіз ғұмыр кешпейді. Мен өз кіндік қаным тамған туған жерім туралы кеудемді көрнеп, мақтанышпен айта аламын. Менің кіндік қаным тамған жерім ол – Қазақстан. Еліміздің жеткен жетістіктері, асқан асулары мен бағындырған

белестері өте көп және әлі алда. Біз тәуелсіз елміз. Бірақ та, тәуелсіздікті алу бізге оңай соққан жоқ. Ата-бабаларымыз көп жылдар бойы тәуелсіз ел болуға ұмтылды және армандады. Наурызбай, Бөгенбай, Қабанбай батырларымыз тәуелсіздік үшін күресіп көбі репрессияға ұшырады. 1991 жылы 16 желтоқсанда менің Қазақстанным тәуелсіз ел болды. Өзіміздің ұлттық киіміміз, асымыз, тиынымыз, туымыз, елтанбамыз бар. Мемлекеттік тіліміз – Қазақ тілі. Туымыз көк түсеті. Көк түс бейбітшілікті, ашық аспанды білдіреді. Иә, Туған жер ұзаққа қиып жібермейді. Яғни, қайда жүрсекте біздің жүрегіміз Қазақстан деп соғып тұрады. Отан ошақ басынан басталады. Кішкентай кезімізден біздің ойымызға Отанымыз – Қазақстан екендігі салынып келеді. Мен туған жер және өскен жер біртұтас болғанда ғана алаң бақытты болады деп ойлаймын. Қазақстанның байлығы өте көп және қазынаға бай ел. Біздің еліміздің табиғаты өте сұлу. Биік-биік асқар тау, мөп-мқлдір көлдер, неше түрлі өсімдіктер мен дәрілік қасиеті бар шөптер өседі. Ал біздің халқымызда атамекенді ардақтау сезімі өте терең деп ойлаймын, алқымыздың басынан қандай қиын кезеңдер өткенде де ата-бабаларымыз елімізді сыртқы жаудан қорғай білген. Өз елі үшін жанын да, барын да аямаған. Халқымыздың осы бір қасиеті жанымызға ана сүтімен тарап, ана тілімен дарып, ақ нанымен бекуі тиіс. Қазақстандай жері шұрайлы, шөбі шүйгін өлкені мен әрқашан да мақтан тұтамын. Қазақстанның кең даласындай байтақ дала еш жерде жоқ шығар. «Отанын – алтын бесігің», «Отаны жоқтық – нағыз жоқтық», - деп дана халқымыз бекер айтпаған. Өз жерін сүю, өз ана тілін ардақтау - әрбір адамзаттың бірінші міндеті.

Бекітемін
«Балдаурен» бөбекжай – балабақша
менгерушісі *Асыл Г. Жанибекова*
« 5 » « 01 » 2022 жыл

«Қарлығыш» ортаңғы тобы
Мерекелік іс-шара
«Ы.Алтынсарин 180 жыл!»



Тәрбиешілер: Б.Ганиева

Ж.Алипбаева

2021-2022 оқу жылы

Тақырыбы: «Ыбырай Алтынсарин-балалар әдебиетінің атасы»

Мақсаты: Алғашқы ұстаз, ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің өмірімен, шығармаларымен балаларды таныстыру. Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері арқылы балаларды имандылыққа, адамгершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Ұлы тарихи тұлғаны есте сақтауға, құрмет тұтуға, үлгі алуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Ы. Алтынсарин портреті, өлеңдері, слайд

Қоңырау үні естіледі.

- Балалар бұл ненің дауысы?
- Қоңырау.
- Осы қоңырау үнімен қазақ даласына білім әкеліп, балаларды мектепке шақырған ағартушы-ұстаздың кім екенін білесіздер ме?
- Ол Ыбырай Алтынсарин
- Ендеше балалар бүгінгі ашық оқу кызмеетіміз қазақ балалар әдебиетінің атасы, ағартушы-ұстаз Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына арнаймыз.

(слайд көрсету)

Ыбырай 1841 жылы қазан айының 20-сында қазіргі Қостанай облысы, Затобол ауданында дүниеге келеді. Шын аты Ибраһим, Орта жүздің қыпшақ руынан шыққан. Әкесі молладан сауат ашқан қарапайым адам болған. Ал анасы Аймен халық ауылын жинақталған ертегілер мен жырларды көп білетін сауатты адам болған. Әкесі Алтынсары 1844 жылы көтерілісшілер қолынан қаза тауып, Үш-төрт жастағы Ыбырай атасы Балғожаның қолында өсіп, тәрбиеленеді. Атасы Балғожа би өз аймағының атақты кісілерінің бірі болған. Ел ішіндегі көп билікті қолында ұстаған би, Орынбор әкімшілігінің алдында да беделді, белгілі кісі болған. Замана бет алысын өзінше болжаған Балғожа табысқа жетудің ендігі жолы – оқу деп біледі. Сөйтіп, немересі кішкентай Ыбырайды Орынборда ашылады деп күтілген орыс-қазақ мектебіне күні бұрын жаздырып қояды. Бидің ондағы мақсаты, әрине, немересінің бала оқытып, педагог болуы емес, әкімшілік орындарда жұмыс істеп, шенеунік, орысша оқыған “төре” болып шығуы, ата-анасын асырауы.

Ыбырай 1850 жылы Орынборда ашылған орыс - қазақ мектебіне оқуға алынады. Ол кезде Ыбырай тоғыз жаста болады. Сабақты ерекше ынтамен оқыған ол 1857 жылы «өте жақсы» деген бағамен бітіреді.

Содан кейін өз елінде 2 жылдай, 1859 жылы Орынборға тілмаш болып ауысады. Бұл кезде белгілі шығыс зерттеушісі ғалым - профессор В. Григорьевпен жақын танысып, оның кітапханасын пайдалануға мүмкіндік алады. Ыбырай оның кітапханасында әдебиет, тарих, философия кітаптарын, ұлы ағартушылардың еңбектерін көп оқиды. Өз бетімен көп ізденіп, тілмаш болуды емес, халыққа пайдалырақ басқа бір қызмет істеуді алдына мақсат етіп қояды. Ы.Алтынсарин өзінің ардақты борышы балаларды оқыту деп түсінеді. 1860 жылы Жайық жағасындағы қазақтар үшін төрт бастауыш мектеп ашылды деген кезде, Ыбырай өзі сұранып, Торғай мектебіне оқытушы болуға рұқсат алады. Торғай мектебінде мұғалім болады. Торғай қаласында бірден мектеп ашу мүмкін болмай, іс көпке созылып

кетеді. Ы. Алтынсарин ел ішінде оқудың мәнін түсіндіріп, халықтың білімге ықыласын ояту үшін алғашқы балаларды өз үйінде оқытады. Торғайдағы Ыбырай мектебі 1864 жылы қаңтарда ашылды. Бастапқыда он төрт бала қабылданады. Ыбырай Алтынсарин мектептегі оқу - тәрбие жұмысын мүлде жаңа үлгіде құрады. Сабақ ана тілінде - қазақ тілінде жүре тұрып, әр пән негіздерін үйретуді мақсат етеді. Ыбырай оқушыларының ғылым мен мәдениетті игеруіне, рухани бай азамат болып шығуына қызмет етеді. 1876 жылы Ы.Алтынсарин Петербург, Қазан қалаларына барады. Орыстың мектеп, білім беру саласын зерттеп, орыс ағартушыларының еңбектерін оқиды. Сол негізінде қазақ тілінде оқу құралдарын жасауды жоспарлайды. Ы.Алтынсарин қазақ балаларына білім мен тәрбиенің негізгі көзі - оқулық деп қарап, мазмұны бала табиғатына жақын, тақырыбы таныс әрі қызықты кітап шығару керек деп түсінеді.

1876 жылы Ыбырай Петербург, Қазан қалаларына барды. Орыс ағартушыларының еңбектерін зерттеді. Соларға еліктеп қазақ тілінде оқу құралдарын жасауды ойлайды. Сөйтіп 1876 жылдан бастап «Қазақ хрестоматиясын» жазуға кірісті.

Бұл кітап ана тіліміздегі тұнғыш оқулық еді. Хрестоматияға тәрбиелік мәні жоғары көптеген шағын әңгімелері, өлеңдері мен ауыз әдебиеті үлгілерін, аударма шығармаларын енгізген болатын.

Айша: Сауатты болса екен деп қазақ халқын,
Білімге бастап беріп, жолды салды.
Тәлімді, тәрбиелі еңбегімен,
Ыбырайдан өшпестей мұра қалды.
Сәлем жолдан шәкіртке дұғай - дұғай,
Ұрандап өлеңімен келді былай.
Жас ұрпаққа жар салып жанымен де
«Кел, балалар, оқылық»- деді Ыбырай.

Ы. Алтынсарин өз өлеңдерінде балаларды оқуға, білім алуға шақырса, ал әңгімелерінде еңбекті сүйеге, кәсірлеуге, адамгершілікке, имандылыққа, адал достыққа, тазалыққа үйретеді.

Ұлылар ұлағаты өркеннеттің өр тауларына жетелейді. Ыбырайдай асыл бабаның таза, молдір, кәусар бұлағынан нәрлене білейік, рухани әлдене білейік деп бүгінгі тәрбие сағатымызды аяқтаймыз.



Ертеңгілік

«Тәуелсіздікке - 30 жыл!»



Тәрбиешілер: Ж.Алибаева
Б.Ганиева

Тақырыбы: «Тәуелсіздікке 30 жыл»

Мақсаты: Балалардың Отаны, Рәміздері, Елбасы, желтоқсан оқиғасы, Тәуелсіздік күні туралы түсініктерін молайту. Мәнерлеп тақпақ айтуға, сахналық көріністерді көрсетулер арқылы еліне, отанына деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Отанын, елін сүйуге тәрбиелеу.

Еліміздің Тәуелсіздігіне орай өткізілетін мерекелік ертеңгілікке балалар залға вальс билеп кіреді. Мұнан соң барлығы Әнұранды орындайды.

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме, балалар, қонақтар, әріптестер! Бүгінгі 16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне арналған балабақшамыздағы мерекелік ертеңгілігімізді бастаймыз.

Рәміздерім – елдігімнің белгісі,

Білу керек бала – дағы ең кіші.

Рәміздерім- ӘНҰРАН, КӨК ТҮ, ЕЛТАҢБА,

Рәміздерді жатқа білген жөн кісі.

Жүргізуші: Балалар, біздің Отанымыз қалай аталады?

Балалар: Қазақстан.

Жүргізуші: Қазақстан қандай мемлекет?

Балалар: Қазақстан тәуелсіз, егеменді мемлекет.

Жүргізуші: Балалар, бүгін міне осы Тәуелсіздік мерекесі күні. Еліміздің президенті кім?

Балалар: Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Жүргізуші: Еліміздің елордасы қай қала?

Балалар: Нұрсұлтан.

Жүргізуші: Нұрсұлтан қандай қала?

Балалар: Нұрсұлтан-бас қала, әдемі, үлкен қала.

Жүргізуші: Дұрыс айтасыңдар, балалар. Отан туралы тақпақтарымызды айтайық.

Арман: Отан- жерім, Отан- суым,

Отан қуат, нәр береді.

Отан- ұран, Отан- туым,

Отан мәңгі гүлденеді!

Айша: Қуат алған өзінен,

Туған елдің ұлымын.

Бақытты етіп өсірген,

Отанымның гүлімін.

Алихан: Шырқап көкке аспан – ән,

Болашаққа бас қадам.

Қазақ рухын биіктет,

Ей, бас қалам- Нұрсұлтан !

Нұрәли: Қадамың бар баспаған,

Асуың бар аспаған.

Халқым жетсін мұратқа,

Ей, бас қала- Нұрсұлтан!

Жүргізуші: Біз бүгін тәуелсіздік алған күнімізді мерекелеудеміз. Біздің еліміз тәуелсіз болғандықтан өз мемлекеттік Әнұраны, Елтаңбасы және өзінің мемлекеттік туы бар. Балалар, мемлекеттік туымыздың түсі қандай екен?

Балалар: Туымыздың түсі – көк.

Жүргізуші: Иә, өте жақсы.

–Ал, енді балалар, Рәміздерге байланысты тақпақтарымызды айтайық (балалардың тақпақтары тыңдалады).

Еркін: Елтаңбасы елімнің,

Неткен әйбат, әдемі!

Тұнығындай көңілдің,

Ортада- аспан әлемі.

Хақназар: Құт, береке – шанырақ,

Орын алған ол төрден.

Қанатты қос арғымақ,

Екі жақтан көмкерген.

Нұрислам: Анаң- күнің, жүрегің,

Әкең – өмір тірегің.

Сен- бақытты ұлансың,

Бәрі саған қуансын!

Дарина: Көк аспандай көкпенбек,

Қазақстан жалауы.

Көк емес ол тектен-тек,

Елдің ашық қабағы.

Бірганым: Тәуелсіздік жолында,

Талай – талай тер тамған.

Билігім өз қолымда,

Еркіндігім – Елтаңбам.

Назым: Аспанымдай мөлдірмін,

Жайлауымдай жазықпын.

Өзенімдей өршілмін,

Гүлдерімдей нәзікпін.

Ерасыл: Ақ ниеті- алтын күн

Асқақ арман – қыраны.

Жалауы бұл- халқымның,

Мәртебесі, мақтаны.

Өн: «Ел қорғауға әзірміз».

Би: «Қара жорға».